

**Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен
Қытай Халық Республикасы Туризм істері жөніндегі мемлекеттік басқармасы
арасындағы туризм саласы бойынша ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 7 қыркүйектегі N 863

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1998 жылдың 7 мамырында Пекинде қол қойылған Қазақстан
Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі
мен Қытай Халық Республикасы Туризм істері жөніндегі мемлекеттік
басқармасының арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы
келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі мен
Қытай Халық Республикасы Туризм істері
жөніндегі мемлекеттік басқармасы арасындағы
туризм саласы бойынша ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Туризм істері жөніндегі
мемлекеттік басқармасы екі ел халықтарының арасындағы достық қарым-қатынасқа
жәрдемдесу және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында
төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар ішкі заңдар жиынтығына сәйкес өзара тиімді негізде туризм саласы

бойынша екі мемлекеттің арасындағы ынтымақтастықтың дамуына жәрдемдеседі.

2-бап

Тараптар туристік ведомстволар мен туристік компаниялардың

ынтымақтастық саласын кеңейту бойынша талабына қолдау көрсетеді, оның ішінде:

- мекемелер мен туристерге қызмет көрсетушілер арасындағы мақсатқа бағытталған ынтымақтастыққа жәрдемдеседі;
- құрылыс, реконструкция жұмыстарын басқаруға және инвестициялауға, сонымен қатар қонақ үй, ресторан тағы басқа туристік объектілерді басқарудағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

3-бап

Тараптар шекара маңындағы туризмді үздіксіз және жақсы дамытуға жәрдемдесу үшін бірге шаралар қабылдауға келіседі.

4-бап

Тараптар "Ұлы Жібек жолы" туристік объектісін ашу және дамыту ісінде ынтымақтасуға келіседі.

5-бап

Тараптар туризм туралы статистикалық және басқа ақпараттармен алмасуға келіседі, атап айтсақ:

- елге келген және елден кеткен туристердің саны және туризмнің құрылымы жөнінде;
- туризмді дамыту жоспары жөнінде;
- туризмнің заңдар жиынтығы мен критериялары жөнінде.

6-бап

Тараптар туризм саласы бойынша мамандарды дайындаудағы ынтымақтастық пен ғылыми қызметкерлер мен делегациялармен өзара алмасуды ұйымдастыруды жүргізуге келісті.

7-бап

Тараптар іргелес елдің туристеріне қолайлы жағдай жасау үшін шекаралық, кедендік бақылау және визалық нысандылық бойынша жеңілдіктер жасауға жәрдемдеседі.

8-бап

Тараптар осы елде іргелес елдің туристік өкілдіктерін ашу кезінде жағдай жасайды.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енді және бес жыл бойы қолданыста болады. Егер алты айға дейін бір тарап екінші тарапты осы келісімнің күшін жою туралы жазбаша түрде хабарландырмаса, онда ол автоматты түрде келесі бес жылға созылады. Осы келісімге өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жеке екіжақтық

кеңес жолымен жүзеге асырылады.

Пекин қаласында 1998 жылдың 7 мамырда екі түпнұсқа данада, қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің баптарын түсіндіруге келіспеушілік туындаған кезде, орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасы
Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау
министрлігі үшін

Қытай Халық Республикасы
Туризм істері жөніндегі
мемлекеттік басқармасы
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК